

Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Президенті Хамид Карзайдың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 97-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің арасындағы екі жақты ынтымақтасты нығайту және 2004 жылғы 15-16 сәуірде Астана қаласына Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Президенті Хамид Карзайдың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2004 жылғы 15-16 сәуірде Астана қаласына Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Президенті Хамид Карзайдың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):
қосымшаға сәйкес Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекеті ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды, соның ішінде ұтқыр байланыстың бес арнасын жалға алуды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Ауғанстан Өтпелі Ислам Мемлекетінің Президенті Хамид Карзайды Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу рәсімдеріне қатыссын, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан берілетін ресми қабылдауда концерттік бағдарламаны қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Ауғанстан Өтпелі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК